



Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігінің мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 7 маусым N 468. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі (ҚазМААСХА) төрағасының лауазымы медициналық, тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету мен көлік қызметін көрсету жағынан республика министрінің лауазымына теңестірілсін.

2. Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігіне қызмет бабындағы бір жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Шаруашылық басқармасы (Ни В. В.) Қазақстан Республикасының авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігі төрағасы автомобиль қызметімен қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі